



ПӘН: ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

МАМАНДЫҒЫ: «МЕЙІРГЕР ІСІ»

КУРС: 3

ТАҚЫРЫБЫ: ТІРШІЛІК ӘРЕКЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НЕГІЗІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ

АЛМАТЫ 2018

Тіршілік әрекеттерінің қауіпсіздігі және оны ұйымдастыру негіздері

Тіршілік әрекеттерінің қауіпсіздігі адамзат әрекетшілік саласының бірі болып табылады; бұл көп жақты ұғымға саяси, әскери, заңдық, әлеуметтік, медициналық, ақпараттық, қаржы, ғылыми, халықаралық және тағы басқа аспектілер кіреді.

- Мемлекеттің міндеті, оның функциясы ретінде қарағанда, ТӘҚ халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізу объектілерді төтенше жағдайлардан, олардан туындаған зардаптардан қорғау жөнінде мемлекет саясатын жүргізудің басым салаларының бірі болып табылады.
- Практикалық мағынада ТӘҚ алдын ала ТЖ-дың пайда болу қатері мүмкін болғанша азайтуға, халықты дайындау және жаппай оқытуға, ал ТЖ кезінде адамдарды қорғауға, залал мен адамдарды қорғауға, залал мен материалдық шығынды кемітуге, сондай ақ ТЖ-ды бір шектен шығармауға, түбінде салдарын жоюға бағытталған, қызмет міндеттері жағынан біртұтас жүйеге біріктірілген шаралардың үйлесімді жиынтығы деп жобалап түсінуге болады.

- ТӘҚ-нің деңгейі осы қоғамның жан-жақты жетілуін, рухани және психологиялық қалпын, ТЖ-ға тән қауіпті факторлардың ықпалын басу, мүмкін болатын ең төменгі деңгейіне түсіру қабілетін сипаттайды.
- Жоғарғы оқу орындарында берілетін пән ретінде ТӘҚ тиісті оқу бағдарламалар бойынша мамандарды осы заманғы әскери зақымдау құралдарының факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-лардан қорғану жолдарын көрсету мақсатымен оқыту және дайындау ниетін білдіреді.

- Төтенше жағдай — адамдардың қайтыс болуы мүмкін және адамдардың халдеріне, қоршаған ортаға немесе шаруашылық жүргізуші объектілерге зиян алып келуі мүмкін немесе, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала сонымен қатар апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай. Төтенше жағдай пайда болу себептеріне қарай табиғи сипаттағы және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға бөлінеді.

- Табиғи сипаттағы төтенше жағдай – дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызатын төтенше жағдайлар.
- Техногендік сипаттағы төтенше жағдай - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттарды кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдай.

Жер сілкінісі – жер асты соққылары (дүмпулері) және жердің үстінгі қабатының теңселуі, оның ішіндегі энергия процестерінің қозуынан пайда болады.



Сел (гидрологикада «силь» сөзінен - «балшықты тастардың ағуы») – көбіне нөсерлі жаңбырлармен немесе қардың қатты еруімен кенеттен келетін өте үлкен концентрациялы минералды заттардың, тастардың және тау жыныстары сынықтарының (50-60% ағын көлемі) ағыны.



Су тасқыны – бұл өзенге, көлге немесе су қоймаларына жақын жерлерге судың жайылуы, ол материалдық залал келтіреді, тұрғындардың денсаулықтарына зиян келтіреді немесе адамдардың өліміне алып келеді.





